

Мемлекеттік органдар, мемлекеттік заңды тұлғалар және квазимемлекеттік сектор субъектілері үшін цифрлық деректер өнімдерінің құнын бағалаудың үлгілік әдістемесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі төрағасының 2026 жылғы 27 сәуірдегі № 3 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 28 сәуірде № 38565 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 12.07.2026 ж. бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Цифрлық кодексінің 31-бабы 8-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік органдар, мемлекеттік заңды тұлғалар және квазимемлекеттік сектор субъектілері үшін цифрлық деректер өнімдерінің құнын бағалаудың үлгілік әдістемесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жариялағаннан кейін Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Әкімшілік-құқықтық қамтамасыз ету департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәлімет ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2026 жылғы 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

*Қазақстан Республикасының
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігінің Төрағасы*

А. Иргалиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Мемлекеттік органдар, мемлекеттік заңды тұлғалар және квазимемлекеттік сектор субъектілері үшін цифрлық деректер өнімдерінің құнын бағалаудың үлгілік әдістемесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік органдар, мемлекеттік заңды тұлғалар және квазимемлекеттік сектор субъектілері үшін цифрлық деректер өнімдерінің құнын бағалаудың үлгілік әдістемесі (бұдан әрі – Үлгілік әдістеме) Қазақстан Республикасының Цифрлық кодексінің 31-бабы 8-тармағына, Қаржы есептілігінің халықаралық стандартына, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 12 мамырдағы № 223 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларына, сондай-ақ "Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген және цифрлық деректер өнімдерінің құнын бағалау бойынша негізгі талаптар мен тәсілдерді белгілейді.

2. Мемлекеттік органдар, мемлекеттік заңды тұлғалар және квазимемлекеттік сектор субъектілері осы Үлгілік әдістемені қолдану кезінде осы Үлгілік әдістеменің ережелері негізінде цифрлық деректер өнімдерінің құнын бағалау әдістерін өз бетінше айқындайды және есептеуді жүзеге асырады.

3. Осы Үлгілік әдістеменің талаптары Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне, оның ведомстволарына және Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне қолданылмайды.

4. Осы Үлгілік әдістемеді мынадай ұғымдар қолданылады:

1) зияткерлік меншік – зияткерлік шығармашылық қызметтің нәтижесі және заңды тұлғаны, жеке немесе оларға теңестірілген заңды тұлғаның өнімдерін, олар орындайтын жұмыстарды немесе қызметтерді дараландыру құралдары;

2) құқық иесі – зияткерлік қызмет нәтижесіне айрықша мүліктік құқықтарды, оның ішінде тиісті объектіні пайдалану, беру және иеліктен шығару құқығын заңды түрде иеленетін заңды тұлға.

5. Цифрлық деректер өнімдерімен алмасу және олардың айналымы платформасындағы цифрлық деректер өнімі Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жалпыға қолжетімді ақпаратты қоспағанда, құқық иесі айқындаған шарттарда мәмілелердің, иеліктен шығарудың және берудің нысанасы болуы мүмкін.

6. Цифрлық деректер өнімін актив ретінде тану деректерді ақпарат мәртебесінен құқықтық және нарықтық өлшемі бар, заңды түрде танылған және экономикалық тұрғыдан құнды нысан мәртебесіне ауыстыратын процесті көздейді.

Цифрлық деректер өнімі:

1) ұйымның осы активке тікелей байланысты экономикалық пайда алу ниеті болғанда;

2) активтің құны дұрыс айқындалғанда;

3) активті басқа активтерге немесе фиат ақшаға айырбастау мүмкін болғанда актив ретінде танылады.

7. Құқық иесі цифрлық деректер өнімдерінің құнын анықтау үшін:

1) нарық үшін цифрлық деректер өнімдеріне сұраныс пен олардың бірегейлігі;

2) цифрлық деректер өнімдерін түзуге еңбек шығыны қағидаттарына сүйенуі керек.

2-тарау. Құнын бағалау

8. Цифрлық деректер өнімдерінің құнын бағалау:

1) азаматтық-құқықтық сипаттағы мәмілелер жасау үшін активтерді бағалау кезінде ;

2) қаржылық есептілік үшін активтерді бағалау кезінде;

3) кепіл мәннің құнын анықтау кезінде;

4) жарғылық капиталға мүліктік жарналардың құнын анықтау кезінде;

5) банкроттық рәсімдері кезінде борышкер мүлкінің құнын анықтау кезінде;

6) өтеусіз алынған мүліктің құнын анықтау кезінде;

7) зияткерлік меншік объектілерін және оларды пайдалану кезінде құқық иелерінің тәуекелін сақтандыру кезінде;

8) зияткерлік меншік құқығының бұзылуы салдарынан құқық иесіне келтірілген залалды анықтау кезінде;

9) зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды беру және оларды пайдалануға лицензия беру жағдайларында жүзеге асырылады.

3-тарау. Цифрлық деректер өнімдерінің құнын бағалау әдістері

9. Цифрлық деректер өнімінің құнына әсер ететін негізгі факторлар:

1) актив қалыптастыратын кіріс мөлшері мен түсу кезеңі;

2) цифрлық деректер өнімдерін жасауға және қолданылуына кеткен шығындар мөлшері;

3) цифрлық деректердің ұқсас өнімдері болған кездегі нарықтағы баға болып табылады.

10. Нақты объектіге, бағалау мақсатына және анық ақпараттың болуына байланысты цифрлық деректер өнімдерінің объектілерін бағалау кіріске, нарыққа және шығынға негізделген тәсілдерді қолдана отырып жүргізілуі мүмкін.

11. Кіріске негізделген тәсіл деректерді болашақта экономикалық пайда алу мүмкіндігіне негіздеп бағалайды.

12. Қолдануға қойылатын алғышарттар:

1) цифрлық деректер өнімдерінің болжамды кірісін ақшалай мәнде дәл бағалауға және өлшеуге болады;

2) цифрлық деректер өнімдерін сатудан туындайтын тәуекелді өлшеуге болады;

3) цифрлық деректер өнімдерін сатудың өтелу мерзімін болжауға болады;

4) цифрлық деректер өнімдерінің сапасы нарықтық өлшемшарттарға сәйкес келеді.

13. Кіріске негізделген тәсілді қолданған кезде мына іс-әрекеттер тізбегі орын алады:

1) цифрлық деректер өнімдерін пайдалану арқылы жасалған болжамды таза ақша ағыны есептеледі;

2) дисконттау мөлшерлемесі (капиталдандыру) анықталады;

3) ұзақтығы 5 жылдан асатын ақша ағындары үшін кері (терминалдық) құны есептеледі;

4) дисконттау (капиталдандыру) әдісін қолдану арқылы болашақ ақша ағындарының келтірілген құны анықталады;

5) цифрлық деректер өнімдерінің түріне байланысты сараптамалық бағалау әдісін қолдана отырып, цифрлық деректер өнімдерінің сипатын (жеке, сериялық, жаппай өндіріс) ескеретін коэффициент анықталады;

6) цифрлық деректер өнімдерінің құны болашақ ақшалай ағынның келтірілген құнын цифрлық деректер өнімдерінің сипатын ескеретін коэффициентке көбейту арқылы есептеледі.

14. Нарыққа негізделген тәсіл цифрлық деректер өнімдерінің ашық нарығын болжауға негізделген деректерді бағалайды.

15. Нарықтық әдісті қолдануға қойылатын алғышарттар:

1) ашық нарықта сатылған ұқсас цифрлық деректер өнімдерінің құнын салыстыру мүмкіндігі;

2) цифрлық деректер өнімдерімен сауда жасауға арналған дамыған инфрақұрылым;

3) баға белгілеудің ашықтығын қамтамасыз ететін жағдайлар болып табылады.

16. Нарыққа негізделген тәсілді қолданған кезде мына іс-әрекеттер тізбегі орын алады:

1) сату бағасы ашық дереккөздерден белгілі салыстырылатын цифрлық деректер өнімдері мен сервистер таңдалады;

2) мыналарды:

- цифрлық деректер өнімі пайдаланылатын саланы;

- цифрлық деректер өнімдерінің құндылығы мен қорғалуы дәрежесін;
- цифрлық деректер өнімі енгізіліп жатқан кәсіпкерлік субъектісінің санатын (шағын, орта және ірі бизнес субъектілері);
- цифрлық деректер өнімдерін пайдалану ауқымын;
- цифрлық деректер өнімдерінің өзектілігі мерзімін;
- цифрлық деректер өнімдерін пайдалану тәуекелін қоса алғанда индекстер салыстырылатын цифрлық деректер өнімдерінің бағаланатын цифрлық деректер өнімінен ерекшеленуі факторлары бойынша есептеледі;

3) әрбір салыстырылатын цифрлық деректер өнімінің құны жоғарыда көрсетілген индекстерді пайдаланумен бағаланатын цифрлық деректер өнімінің құнына келтіріледі;

4) цифрлық деректер өнімдерінің құны салыстырылатын цифрлық деректер өнімдерінің келтірілген құндарының орташа мәні ретінде анықталады.

17. Шығынға негізделген тәсіл деректердің құнын оны жинауға, өңдеуге, сақтауға және қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты шығыстар негізінде бағалайды.

18. Қолдануға қойылатын алғышарттар:

- 1) цифрлық деректер өнімдері пайдалануға жарамды немесе пайдаланылуда;
- 2) цифрлық деректер өнімдерінің құны мен шығындары арасындағы корреляцияны салыстырмалы талдау, тарихи деректерді талдау және нарықты зерттеу сияқты әдістерді қолдану арқылы анықтауға болады;
- 3) цифрлық деректер өнімдерін әзірлеу шығындары цифрлық деректер өнімдерін жинау, өңдеу, сақтау, беру және қауіпсіздігін қамтамасыз ету шығындарын қамтиды;
- 4) цифрлық деректер өнімдеріне шығындарды тікелей және жанама шығындар және тиісті салықтар бойынша жіктеуге болады;
- 5) цифрлық деректер өнімдерінің құнын түзетудің сәйкес коэффициентін ақылға қонымды түрде бағалауға болады;
- 6) цифрлық деректер өнімдерінің сапасы нарық өлшемшарттарына сәйкес келеді.

19. Шығынға негізделген тәсілді қолданған кезде цифрлық деректер өнімдерінің құқық иесі оларды түзу және сату үшін шеккен барлық шығындары бекітілген тарифтерге және шығыс ақпаратының көлемдеріне сәйкес белгіленеді.

20. Қажет болған жағдайда залалсыздық нүктесі есептеледі, онда цифрлық деректер өнімдерін сатудан түскен табыс оларды түзу және сату шығыстарына тең болады.

21. Қандай да бір әдісті таңдау цифрлық деректер өнімдерінің құнын бағалау мақсаттарына байланысты.

22. Балансқа қою үшін шығынға негізделген тәсілді, сату үшін кіріске негізделген тәсілді немесе нарыққа негізделген тәсілді пайдалану ұсынылады.